

# Жол қозғалысы ережелері және бағалар жаракаттануының алдын алу бағдарламасы

Бекітемін/Утверждаю  
Б. Ж. Исаева  
Мектеп директорының м.а  
2024 ж.



## **Жол қозғалысы ережелері және балалар жарақаттануының алдын алу бағдарламасы**

Жол қозғалысы ережелерін оқыту сабақтары 1-8 сыныптарда айына бір рет өткізіледі, оған жол қозғалысының қауіпсіздігі және алғашқы медициналық көмек көрсету тақырыптары енгізіледі.

1-4 сыныптарда Жол қозғалысы ережелерін оқытуға әр сыныпқа жылына 6 сағаттан, ал 5-8 сыныптарда әр сыныпқа жылына 10 сағаттан бөлінеді.

1-4 сыныптарда Жол қозғалысы ережелеріне арналған оқу бағдарламасы келесі пәндер есебінен (сынып сағаты, ән сабағы, дене тәрбиесі, бейнелеу өнері, еңбекке баулу) өткізіліп, айлық күнтізбелік жоспарға енгізілуі тиіс. Ал 5-8 сыныптарда Жол қозғалысы ережелерін оқыту сыныптан тыс уақытта, сынып сағаттары мен факультативтер есебінен жүргізіледі.

Жол қозғалысы ережелерін оқыту жалпы білім беретін мектептерде бастауыш сынып мұғалімдері, сынып жетекшілері және еңбекке баулу мұғалімдері арқылы жүзеге асырылады.

Сабақтар журналда толтырылады, сабақ тақырыптары жазылып, қатысу белгілері қойылады. Әдетте, сабақтарды сынып жетекшілері өткізеді және оны мектептегі Жол қозғалысы ережелерін оқытуды ұйымдастыруға жауапты тұлғалар мен әкімшілік бақылайды.

Жол қозғалысы ережелері бойынша сабақтар арнайы жабдықталған кабинетте немесе арнайы автожол алаңында (мектеп ауласында, спорт залында) көрнекі оқу құралдарын, жабдықтарды және балалар көлік құралдарын пайдалана отырып өткізу ұсынылады.

Алаңда көше қиылыстарының, жаяу жүргіншілер өткелдерінің жол таңбалары салынады; уақытша немесе тұрақты түрде бағдаршамдар, жол белгілері және басқа да жабдықтар орнатылады.

Кейбір сабақтарды көшеде, қиылыста, алаңда (көлік құралдарының және жаяу жүргіншілердің қозғалысын, реттеу құралдарын көрсету арқылы), қоғамдық көлікте өткізу ұсынылады.

Сабақтарды, жеке әңгімелерді, экскурсияларды және т.б. өткізу үшін мұғалім (сынып жетекшісі) жол полициясының қызметкерлерін, көлік жүргізушілерін тартуы мүмкін.

Оқыту процесінде және сыныптан тыс жұмыстарда жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс қауіпсіздігі туралы қысқа метражды фильмдер, бейнефильмдер көрсетіледі, олар оқушылардың көшелер мен жолдарда саналы мінез-құлық көрсетуіне, жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауына тәрбиелеуі тиіс.

Әрбір сабақтан кейін бақылау сұрақтары мен тапсырмалар арқылы оқушылардың Жол қозғалысы ережелерін қаншалықты меңгергенін тексеру қажет.

**1-сынып**

| <b>№</b> | <b>Айлар</b> | <b>Сабақтың тақырыбы</b>                                  | <b>Сағат саны</b> |
|----------|--------------|-----------------------------------------------------------|-------------------|
| 1        | Қыркүйек     | Көше күтпеген оқиғаларға толы.                            | 1                 |
| 2        | Қазан        | Жаяу жүргінші өтпелері.                                   | 1                 |
| 3        | Желтоқсан    | Реттелетін жол қиылыстары.<br>Бағдаршам.                  | 1                 |
| 4        | Наурыз       | Автобуспен немесе троллейбуспен сапарға шығу.             | 1                 |
| 5        | Сәуір        | Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды. | 1                 |
| 6        | Мамыр        | Қорытынды сабақ.                                          | 1                 |
| Барлығы: |              |                                                           | 6                 |

**2-сынып**

| <b>№</b> | <b>Айлар</b> | <b>Сабақтың тақырыбы</b>                                          | <b>Сағат саны</b> |
|----------|--------------|-------------------------------------------------------------------|-------------------|
| 1        | Қыркүйек     | Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері. | 1                 |
| 2        | Қазан        | Реттелмейтін жол қиылыстары.                                      | 1                 |
| 3        | Желтоқсан    | Реттеуші және оның белгілері.                                     | 1                 |
| 4        | Наурыз       | Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде сапарға шығу.         | 1                 |
| 5        | Сәуір        | Мектепке жол (Сенің күнделікті бағытың.)                          | 1                 |
| 6        | Мамыр        | Қорытынды сабақ.                                                  | 1                 |
| Барлығы: |              |                                                                   | 6                 |

### 3-сынып

| №        | Айлар     | Сабақтың тақырыбы                                       | Сағат саны |
|----------|-----------|---------------------------------------------------------|------------|
| 1        | Қыркүйек  | Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері.                | 1          |
| 2        | Қазан     | Қай жерлерден жолдан өтуге болады?                      | 1          |
| 3        | Желтоқсан | Жол жүру белгілері және таңбалары.                      | 1          |
| 4        | Ақпан     | Жарақаттанғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек. | 1          |
| 5        | Сәуір     | Сен – велосипедші.                                      | 1          |
| 6        | Мамыр     | Қорытынды сабақ.                                        | 1          |
| Барлығы: |           |                                                         | 6          |

### 4-сынып

| №        | Айлар     | Сабақтың тақырыбы                                                                              | Сағат саны |
|----------|-----------|------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| 1        | Қыркүйек  | Жол жүру ережелерін білеміз бе?                                                                | 1          |
| 2        | Қазан     | Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері.                                         | 1          |
| 3        | Желтоқсан | Жол жағдайларын макетте (пішімде) талдау. Арнайы авто алаңда өткізілетін тәжірибелік сабақтар. | 1          |
| 4        | Қантар    | Темір жол өтпелері.                                                                            | 1          |
| 5        | Ақпан     | Жарақаттар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету біліктілігін арттыру.                     | 1          |
| 6        | Мамыр     | Қорытынды сабақ.                                                                               | 1          |
| Барлығы: |           |                                                                                                | 6          |

## 5-класс

| №        | Айлар     | Сабақтың тақырыбы                                                                                                                                                                    | Сағат саны |
|----------|-----------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| 1        | Қыркүйек  | Біздің қала (ауыл), аудан                                                                                                                                                            | 1          |
| 2        | Қыркүйек  | Жол таңбаларының белгіленуі.                                                                                                                                                         | 1          |
| 3        | Қазан     | Қосымша секциялары бар бағдаршамдар.                                                                                                                                                 | 1          |
| 4        | Қараша    | Жол реттеушісінің белгілері.                                                                                                                                                         | 1          |
| 5        | Желтоқсан | Жол жүру белгілері және олардың қолданысы.                                                                                                                                           | 1          |
| 6        | Қаңтар    | Жүргізушінің еңбегінің ерекшеліктері мен негізгі міндеттері. Қазіргі заманғы көлік – жоғары қауіпті аймақ. Қоғамдық көлік.                                                           | 1          |
| 7        | Ақпан     | Жол қозғалысының қауіпсіздігіне ауа райының әсер етуі.                                                                                                                               | 1          |
| 8        | Наурыз    | Велосипедпен жүру.                                                                                                                                                                   | 1          |
| 9        | Сәуір     | Жараланған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету. Жоғарғы және төменгі аяқ-қол дене бөліктерінің сынған немесе буын шығып кеткен кезде алғашқы медициналық көмек көрсету ержелері. | 1          |
| 10       | Мамыр     | Қорытынды сабақ.                                                                                                                                                                     | 1          |
| Барлығы: |           |                                                                                                                                                                                      | 10         |

**6-сынып**

| <b>№</b> | <b>Айлар</b> | <b>Сабақтың тақырыбы</b>                                                    | <b>Сағат саны</b> |
|----------|--------------|-----------------------------------------------------------------------------|-------------------|
| 1        | Қыркүйек     | Жол жүру ережелері (қайталау).                                              | 1                 |
| 2        | Қазан        | Көлік құралдарының қозғалысы.<br>Көлік құралдарының аялдама жолдары.        | 1                 |
| 3        | Қараша       | Көлік құралдарының нөмірлік, тану белгілері мен жазбалары.                  | 1                 |
| 4        | Желтоқсан    | Жол-көлік оқиғасы уақытындағы оқушылардың мінез-құлқы.                      | 1                 |
| 5        | Қаңтар       | Түрлі жарақаттар алған жағдайда алғашқы медициналық көмек.                  | 1                 |
| 6        | Ақпан        | Жол қозғалысының қауіпсіздігі.                                              | 1                 |
| 7        | Наурыз       | Жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері. | 1                 |
| 8        | Сәуір        | Жаяу жүргіншілерге арналған жол жүру ережесі. Жол "қақпан".                 | 1                 |
| 9        | Сәуір        | Жол-көлік оқиғаларына әкеп соқтыратын жол жағдайларын зерттеу.              | 1                 |
| 10       | Мамыр        | Қорытынды сабақ.                                                            | 1                 |
| Барлығы: |              |                                                                             | 10                |

**7-класс**

| <b>№</b>        | <b>Айлар</b> | <b>Сабақтың тақырыбы</b>                                                                                                    | <b>Сағат саны</b> |
|-----------------|--------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|
| 1               | Қыркүйек     | Автокөліктің еліміздің экономикасындағы рөлі.                                                                               | 1                 |
| 2               | Қазан        | Көлік құралдарын пайдалану ережелері.                                                                                       | 1                 |
| 3               | Қараша       | Көлік құралдарының аялдау және тұрақтау орындары.                                                                           | 1                 |
| 4               | Желтоқсан    | Интервал және арақашықтық. Қозғалыс жылдамдығы.                                                                             | 1                 |
| 5               | Қаңтар       | Қозғалыс жол жолағы. Басып озу.                                                                                             | 1                 |
| 6               | Ақпан        | Жүргізушілердің жұмыс қабілеттілігі және олардың сенімділігі.                                                               | 1                 |
| 7               | Наурыз       | Автокөлікте медициналық қобдишаның болуы.                                                                                   | 1                 |
| 8               | Сәуір        | Темір жол қиылысынан өту. Қала сыртындағы жолдарда жүру ережелері.                                                          | 1                 |
| 9               | Сәуір        | Велосипедшілер, мопедшілердің жолда жүру ережелері. Велосипедпен, мотоциклмен жолаушыларды және жүкті тасымалдау ережелері. | 1                 |
| 10              | Мамыр        | Қорытынды сабақ.                                                                                                            | 1                 |
| <b>Барлығы:</b> |              |                                                                                                                             | <b>10</b>         |

## 8-сынып

| №        | Айлар     | Сабақтың тақырыбы                                                                                                              | Сағат саны |
|----------|-----------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| 1        | Қыркүйек  | Жол жүру ережесінің пайда болу.<br>Жол белгілерінің халықаралық тілі.                                                          | 1          |
| 2        | Қазан     | Қозғалысты реттеу нысандары.                                                                                                   | 1          |
| 3        | Қараша    | Жол белгілері.                                                                                                                 | 1          |
| 4        | Желтоқсан | Жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің міндеттері мен жол жүру ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі.                         | 1          |
| 5        | Қаңтар    | Бастауыш сынып оқушыларымен ЖЖЕ (жол жүру ережелері бойынша) әңгімелесу.                                                       | 1          |
| 6        | Ақпан     | Жол қиылысынан өту және жаяу жүргіншілер өтпелері. Қоғамдық көлік аялдамалары.                                                 | 1          |
| 7        | Наурыз    | Жол-көлік оқиғасы уақытында есінен таңған адамдарға берілетін алғашқы медициналық көмек.                                       | 1          |
| 8        | Сәуір     | Буын шығып кеткен кездегі алғашқы медициналық көмек. Күйікке шалдыққан кездегі алғашқы медициналық көмек.                      | 1          |
| 9        | Сәуір     | Аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерге қойылатын техникалық талаптар.<br>Велосипедшілер қозғалысына қойылатын қосымша талаптар. | 1          |
| 10       | Мамыр     | Қорытынды сабақ.                                                                                                               | 1          |
| Барлығы: |           |                                                                                                                                | 10         |